

93 Элеми.

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин жұлы

ҚК(Б)П СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТ АТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(Б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 192 (865)

Женбі 29 сентябрь 1945 жыл

Шығуына 27-жылы  
Мекені саны 20-тың

## Қызыл Армияның адамдар составынан екінші кезекте босату

Майдандағы Армия қатарындағы жасы үлкендерді босату туралы СССР Жоғарғы Советінің XII сессиясы қабылдаған заң жарияланғаннан бері үш ай өтті. Бұл үш айдың ішінде соғыс командованиясі, транспорт, жергілікті партия және совет орындары орасан зор жұмыс істеді, сөйтіп қазірдің өзінде 13 жылғы үлкен жастағыларды армиядан босату ісі негізінен аяқталды деп айтуға болады. Сонымен, дүние жүзілік тарихи жеңіске жеткеннен кейін мемлекетіміздің бейбіт дәуірге көшуі ішінде ірі қадам жасалды. Қазіргі уақытта мемлекетіміз осы бағытта тағы да бір қадам басып отыр. Кеше «Правдада» Қызыл Армияның адамдар составынан екінші кезекте босату туралы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы жарияланды. Армиядан жасы үлкендерді бірінші кезекте босату сияқты, бұл шара соғыстың жеңісімізбен аяқталуына байланысты, соғыс қиымындары кезіндегідей қатарында мұндай көп әскерлері бар армия ұстаудың бізге қажеттігі жоқ екендігінен қолданылып отыр. Отанымыздың хауіпсіздігін сақтау және қорғау күшін нығайта беру міндетін аз қарулы күшпен орындан, жасы үлкен жауынгерлерді өздерінің үйлеріне, бейбіт игілікті еңбекке қайтаруға мүмкіншілігіміз бар.

Қатардағы және сержанттық составтан жоғарғы он жастағы жасы үлкендер (бұған Қызыл пиғыстағы әскерлер қосылмайды) екінші кезекте босатуға жатады. Бұлардан басқа, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указына сәйкес, қатардағы және сержанттық составтан барлық мамандық жөнінде толық жоғары, орта техникалық және орта ауыл шаруашылық білімі барлар, Қызыл Армияға шақы-

ған жұмысынан кем түспейтін қызмет беруге, пәтер үймен және отынмен қамтамасыз етуге, пәтер үйлер салуына және оны жөндеуін, көмектесуге, шаруашылығын күрестіру үшін қарыз бөлуге міндетті. Мемлекет Отанымызды қорғаушыларға осындай қамқорлық жасап отыр.

Міндет армиядан босатылғандарға көмектесу жөнінде заңда көрсетілген барлық шараларды барлық жерде деркесінде орындау болып саналады. Армиядан екінші кезекте босату ісінің бірінші кезектегі босатуға қарағанда әлде қайда күрделі және қиын жағдайда өткізілетіндігін еске алу керек. Қыс жақындап келеді, сондықтан біздің темір жол транспорты мен жергілікті совет орындары бұл жұмысқа ерекше тыңғылықты әзірленіп, барлық істі егжей-тегжейін, дейін күн істері ойластырып, қарастыруға міндетті. Бұл істі бірде-бір күн кешегідей, армиядан босатылғандардың пәтер үймен және отынмен күні бұрын қамтамасыз етілуі жөнінде қамқорлық жасау ерекше маңызды іс. Оқудан қол үзген және қазір оны қайтадан бастағалы отырған, көптеген бұрынғы студенттердің армиядан босатуына байланысты, біздің жоғары дәрежелі оқу орындарымыздың басшылары алдында жауапты міндеттер тұр. Қайтадан оқуға тілек білдіргендердің бәрін тиісті оқу орындарында дереу алумен қатар, бірқалыпты оқу жағдайына тез жаттығу ісінде оларға нақтылы көмек көрсету қажет. Қажет болған жағдайда қосымша топтар мен оқу бөлмелері, жатақханаларда күні бұрын әзірленген орындар бөлінуге, оқушылардың асханалары кеңейтілуге тиіс.

Оқушылардың жасы үлкендерді босату

## Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыс Астық үшін күрес — Отанымыздың күш-қуатын нығайту үшін күрес!

### Облысымыздың егін даласында

ЕГІН ОРУ. Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 27 сентябрьге дейін облыс колхоздарында 273960 гектар егін орылып, жоспар 72,4 процент орындалды. Егін ору жөніндегі соңғы бір күнгі өсім 5494 гектар болды. Бұл күні Октябрь және Конюхов аудандарының колхоздарында мардымды егін орымады.

Егін ору жоспарын Петропавл ауданының колхоздары 80,7, Соколов ауданының колхоздары 79,4, Октябрь ауданының колхоздары 77,9, Преснов ауданының колхоздары 76,2 процент орындады. Бұл жұмыста бұрынғыша Конюхов, Булаев және Совет аудандарының колхоздары артта келеді. Бұл аудандарда жоспардың орындалуы 59-62 проценттен аздап ғана асты.

ЕГІНДІ МАЯЛАУ. Колхоздарда жай машиналармен орылған барлық егіннің 108038 гектары маяланды. Бұл — орылған егіннің 32 проценті.

Барлық орылған егіннің Петропавл ауданының колхоздары 77, Преснов ауданының колхоздары 74,9, Приешім ауданының колхоздары 74,3 және Совет ауданының колхоздары 74,2 процентін маялады. Егінді маялау жұмысы әсіресе Соколов, Конюхов және Ленин аудандарының колхоздарында оқылыққа ұшырады. Бұл аудандардың колхоздарында жай машиналармен орылған егіннің дәлі маяланбай жатыр.

Бейбіт еңбекке қайтып келіп жатқан, Отанымдың айбынды қорғаушыларын совет үкметі және бұхалқымыз сүйіспеншілікпен, аналық қамқорлық жасап қарсы алуда. Армиядан босатылғандарды қайталау, оларды жұмысқа орналастыру және тұрмысында ісін бізді Сталин жолдас күнбе-күн үйреткен гідей оларға қамқорлық жасап отырған партия мен үкметтің талабына сай жүргізу әрбір партия ұйымын жергілікті советтің, әрбір кәсіп орны мен колхозда абройлы ісі.

### ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыста үздік шыққан мына алдыңғы қатарлылар облыстық жер бөлімі мен облыстық астық совхоздары тресінің және мал совхоздары тресінің ұсынуы бойынша, облыстық ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылады:

НАЖМУДДИНОВА — Интернационал МТСның тракторшысы, доңғалақты трактормен жұмысқа жерге айналдырғанда 236 гектар жер жұмыстап, 500 килограмм жанармай үнемдеді.

Андрей СЕЕР — Ленин ауданы, Сталин атындағы колхоздың колхозшысы, бір лобогрейнамен 420 гектар егін орды.

Иван ВОЛКОВ — Ленин ауданы, Сталин атындағы колхоздың колхозшысы, бір лобогрейнамен 390 гектар егін жыйнады.

ЛОБАНОВ — Шағлы астық совхозының комбайншысы, «Сталинец» комбайнымен 396 гектар егін жыйнап, 65 килограмм жанармай үнемдеді.

КУЛИКОВ — Киров астық совхозының комбайншысы, тіркеудегі екі «Сталинец» комбайнымен 629 гектар егін жыйнап, 80 килограмм жанармай үнемдеді.

БАБКИН — Киров астық совхозының комбайншысы, тіркеудегі екі «Сталинец» комбайнымен 629 гектар егін жыйнады.

Андрей ОВЧИННИКОВ — Явленка мал совхозының комбайншысы, «Сталинец» комбайнымен 33 жұмыс күні ішінде 680 гектар егін жыйнап, 100 килограмм жанармай үнемдеді.

Мария ШКОДИНА — Явленка мал совхозының комбайншысы 15 жұмыс күні ішінде «Сталинец» комбайнымен 270 гектар егін жыйнап, 103 килограмм жанармай үнемдеді.

### МАМЛЮТ ЭЛЕВАТОРЫНДА

Мамлют элеваторының коллективі колхоздардың мемлекет алдындағы бірінші парызы — астық дайындау сияқты бүкіл халықтық іске алдын-ала барлық жағынан дайындалды. Барлық астық қоймалары астық қабылдаудан көп күн бұрын жөнделіп, элеватордың қоймалары арасын

татын машиналарды қамтуға екі адам тағайындалды. Олар күндіз-түні бірдей кезектесе отырып, сол машиналардың жанында болады.

Астық өкелген арбалардың, әсіресе машиналардың жүгі неғұрлым тезірек босатылуына зор назар аударылуда. Аудан

### Пономарев жолдас 700 і егін жыйнады

Егін жыйнау кезіндегі республика социалистік жарыста алған міндет аброймен орындап шығу үшін Интернационал МТСның комбайншысы Пономарев жолдас тынбай жұмыс. Ол Жданов атындағы колхозға бір «линец» комбайнымен қазірдің өзінде 600 гектар егін жыйнап берді. Мұнымен, Пономарев жолдас 600 килограмм жанармай үнемдеді.

Комбайншы Пономарев жолдас егін даласында тынбай жұмыс істеп, алым көп егін жыйнауы — колхоздың дайындау жұмысын жеделдетуіне мек болып отыр. Сондықтанда атындағы колхоз астық тапсыру қазір аудан бойынша екінші орынды.

М. ХО

### Колхозшылардың еңбек жері артуда

Октябрь ауданындағы «Өрнек» шаруашылық артелінің колхозш мемлекет алдындағы бірінші парызы тапсыру жоспарын мүлтіксіз орындауға кірісіп, үлгілі жұмыс келеді.

Колхоз мүшелері өткен айға тапсырманы 110 процент орындады. Мемлекетке барлығы 9000 тонна тапсырылды.

Колхозшылар арасында үгіт-кеңес жұмысы өріс алды. Біржанова басқарған үгітшілер тобы колхоз

миандан босатылады. Мұнымен қатар, қатардағы және сержанттық составтан үш рет және одан да көп жараланғандар, Қызыл Армия қатарында 7 жыл және одан да көп болған адамдар, Қызыл Армиядағы атқарған әскери қызметінде қалып қою тілегін білдірген маман әйелдерден басқа, қатардағы және сержанттық составтағы әйелдердің бәрі армиядан босатылады.

Қалпынз келтіру жұмыстарының шарықтап құлаш жаюы, халық шаруашылығын қалпына келтіру мен өркендетудің бес жылдық жоспарын алдағы уақытта жүзеге асыру ісі барлық мамандықтағы орасан көп мамандарды керек етеді. Армиядан босатылған мамандар арқылы біздің халық шаруашылығымыз өте қажет болып отырған аса көп қызметкерлер алады. Үш рет және одан да көп жараланған жауынгерлерді босату жөніндегі қарар адамдарға қамқорлық жасау ісінен туып отыр, бұл адамдар дем алуы, бейбіт еңбекке және бейбіт тұрмыс жағдайына тезірек қайтуды ерекше керек қылады.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указында екінші кезектегі босату ісінің мерзімі белгіленді: ол 1945 жылдың аяғына дейін бітуге тиіс. Бұл өте қысқа мерзім, сондықтан ол армиядан босатуды жүргізу ісі жүктелген барлық орындардан зор ұйымшылдық және тыңғылықтылық көрсетуді талап етеді.

Бірінші кезекте қатардағы составтан босатылған онұш жылғы жасы үлкендер жөнінде көрсетілген материалдық және тұрмыс жағынан қамтамасыз ету мәшкерлері екінші кезекте босатылған барлық адамдарға да қолданылады. Оларды тасу және жол азығы мемлекет есебіне алынады, армиядан босатылғандардың бәрі киіммен және аяқ киіммен толық қамтамасыз етіледі, ақшалай жәрдем алады. Жергілікті совет және шаруашылық орындары бір ай мерзімнен кешіктірмей оларға армияға шақырылғаннан бұрын атқар-

ды, армиядан келген әрбір майданшыны мамандығына өзінің бейімділігіне және соғыста алған тәжірибесіне сай келетін жұмысқа орналастыру жөнінде жеткілікті көңіл бөлінбейді, қамқорлық жасамады. Бұл көмшілік енді қайталанбауға тиіс. Жергілікті совет орындары, ең алдымен жұмысшы күшін есепке алу және бөлу жөніндегі бюро екінші кезекте армиядан босатылғандарды жұмысқа орналастыру ісін халық шаруашылығының қажеті мен армиядан босатылғандардың мүддесіне толық сәйкес келетіндей етіп жүргізуге міндетті. Кей жерде майданшылардың мұқтаждарына, оларға заңда көрсетілген жеңілдіктерді беруге төрешілікпен қарау фактысы болып отыр. Мұндай фактылар көп емес, дегенмен бұлар мүлде болмауға тиіс. Бұрынғы майданшыларға, олардың тұрмысын оңдауына қамқорлық жасау ісін біздің барлық ұйымдар, ұйылы-кішілі барлық қызметкерлер партиялық және мемлекеттік аса маңызды іс деп қарауға тиіс. Армиядан босатылғандарға көмекті күшейту, олардың тұрмыс жағынан қамтамасыз болуына бағытталған халықтық, жұртшылық бастамасының барлық түрін неғұрлым кеңінен өрістетуге керек. Егер армиядан босатылғандардың қысқы маусымда келетіндігін еске алатын болсақ, бұл өте-өте маңызды іс.

Бейбіт еңбекке қайтып келіп жатқан, Отанымыздың айбынды қорғаушыларын совет үкметі және бүкіл халқымыз сүйіспеншілікпен, аналық қамқорлық жасаумен қарсы алуда. Армиядан босатылғандарды қарсы алу, оларды жұмысқа орналастыру және тұрмысын оңдау ісін бізді Сталин жолдас күнбе-күн үйреткендей оларға қамқорлық жасап отырған партия мен үкметтің талабына сай жүргізу әрбір партия ұйымының, жергілікті советтің, әрбір кәсіп орны мен колхоздың абыройы ісі.

(«Правданың» 27 сентябрьдегі баспа-қаласынан).

## ОРИС КЛАССИКТЕРІНІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ ЭСТОН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛДЫ

Эстонның «Көркем әдебиет және көркем өнер» баспасы орыс классиктері мен совет жазушыларының бірсыпыра шығармаларын эстон тілінде бастырып шығарды. Басылып шыққан кітаптардың ішінде Л. Н. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігі», Крыловтың үш томдық мысалдары, Грибоедовтың «Ақылдың азабы», М. Горькийдің «Кісі есігіндесі», Сергеев-Цен-

скийдің «Севастополь әңгімелері», Ванда Василевскаяның «Кемпір қосағы», Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысы», Вера Инбердің «Пулков меридианы» бар. Әрбір кітап 5—10 мың дана.

Талаудағы күндерде Чеховтың, А. Толстойдың және Симоновтың шығармалары эстон тілінде басылып шығарылмақ.

(ТАСС).

## БАЛАЛАР ҮШІН 90 ҮЙ АШЫЛМАҚ

РСФСРда балалар үйі ашылуда. Онда Ленинградты қорғауда қаза тапқандардың балалары тәрбиеленеді. 1 октябрьге дейін балалар үшін жаңадан 90 үй ашылмақ.

ның ішінде 12 үй Ярославль облысында, 11 үй Киров облысында және Кострома облысында бірнеше үй ұйымдастырылмақ.

(ТАСС).

нин, Октябрь, мамлют және Преснов аудандарының колхоздары ойсыраған ол қылыққа ұшыратты.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. Облыс колхоздарында 33714 гектар зябь жыртылды. Бұл—жоспардың 19,2 проценті. Зябь жырту жөніндегі соңғы бір күнгі өсім 639 гектар болды. Бұл күні Совет ауданының колхоздарында бірде-бір гектар зябь жыртылмады, ал, Петропавл ауданының колхоздарында небары 5 гектар ғана зябь жыртылды.

Зябь жырту жоспарын Полудень ауданының колхоздары 35,2 және Петропавл ауданының колхоздары 27 процент ғана орындап отырса, Преснов, Конюхов, Булаев және Октябрь аудандарында жұмыс қарқыны бұдан да баяу. Преснов ауданында әлі күнге дейін жоспардың оннан бір бөлегі де орындалған жоқ.

## СОВЕТ АУДАНЫНДА ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫ БАЯУ, АСТЫҚ ЫСРАБЫ КӨП

СМИРНОВО. (Өз тілшімізден). Совет ауданының орталығындағы мекемелердің қайсысына барсаңыз да мекеме басшысын ұшрата алмайсыз. Кеңсе қызметкерлері: «Бастығымыз колхозда, егін жыйнау жұмысына көмекке кетті» деп жауап береді.

Бұған қарағанда ауданның барлық күш-мүмкіншілігі егін жыйнау мен мемлекетке астық тасу жұмысына жұмылдырылған, аудан орталығынан колхоздарға үгіт-көпшілік жұмысын жүргізетін арнаулы адамдар жіберілген екен деп ойлауға болады.

Бірақ, істің шын сырына келгенде жағдай бұлай болып шықпайды. Аудандық партия комитетінің колхоздарға өкілдер жіберумен ғана тынып, олардың жұмысын және қай жерде, не істен жүргендігімен шұғылданбайтындығы көрінеді. Егер іс басқаша ұйымдастырылған болса, онда ауданда егін жыйнау, мемлекетке астық тасу жұмыстары қарқынды жүргізілген болар еді. Колхоздарда астық ысырабы болмас еді.

Ал іс жүзінде аудан егін жыйнауға мүлде артта қалды. Колхоздар 26 сентябрьге дейін барлық егіннің 63,7 процентін ғана орды. Оның ішіндегі ақырғы күні—25 сентябрьде егін оруды жөніндегі өсім—800 гектардан аздап ғана асты. Ауданда егінді майлау және бастыру жұмыстары да сылбыр ұйымдастырылып отыр.

Астық дайындау жұмысының жайында

тық тасушылар! Астық тасу ісін тездетіңдер» деген ұрандар ілінді.

Элеваторға кіре берістегі қақпада тағы да үлкен әріптормен жазылған бір ұран тұр. Онда «Керуеннің колхозшылар, қош келдіңіздер» деп жазылған.

Осы жерде, элеватор қақпасының жоғарғы жағында радио репродуктор қойылған. Репродуктор арқылы радио хабарлары санқылдап естіледі. Элеватордың жапынан екі бөлмелі бір үйде шайхана жабықталған. Астық әкелген колхозшылар мен шоферлер қай уақытта келсе де шайханадан тамақтанып шыға алады. Кейде элеватор жанында керуеншілер бригадаларының мүшелеріне сабын, сіреңке, темекі және тұз сатылады.

Элеватордың басшылары өздерінің алдына астық қабылдау ісін жедел ұйымдастыру міндетін қойды. Колхоздарға көмекке астық тазартатын «Клейтон» және «ВНМ» машиналарын, сол сияқты тары тазартатын жабдық бөлінді. Астық тазар

де тынбай жұмыс істеуде. Олардың қабілеттілікпен қаймылдауы әрбір керуеннің немесе машинаның ең көп дегенде бес минут ғана тоқталуын қамтамасыз етті.

Элеватор қызметкерлері және оның директоры Русанов жолдас тікелей өздері колхоз қырмандарын барып, жөнетілетін астықтың сапасын сол жердің өзінде байқап шығады. Тапсырылатын астықтың сапасы төмен болған жағдайда, олар астықты жұмыстау ісін қалай ұйымдастыру керек екендігін колхоз басшыларына және астық тазартушыларға қолма-қол үйретіп, дайындау орнына сапалы астықтың жөнетілуін қамтамасыз етеді.

Мәселен, элеватор директоры Русанов жолдас «Свободный труд» колхозында болып қайтты. Ол мұнда астықты тазарту және кештіру жұмысын ұйымдастыруға көмектесті. Осының нәтижесінде колхоз тек бір күнде ғана дайындау орнына 1200 пұттан аса астық жөнетті.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

Турасын айту керек, бұл колхоздарға ешқандай жауын-шашын бөгет болған жоқ. Тек ғана колхоз басшылары колхозшы бұқараны егінді деркесінде ысырапсыз жыйнап алу күресіне шыдап жұмылдыра алмай отыр, олар «әлі уақыт бар» деп арқаны кеңге салып отыр.

Ендігі бір айта кететін мәселе—астық ысырабы жайында. Ауданда астық ысырабына қарсы күрес жоқтың қасы. Оған мына мысалдар толық дәлел бола алар еді. «Үшқызыл» колхозында 25 гектар сұлының әрбір гектарынан 125 килограм сұлы құйылып, ысырап болған, 3 гектар егінді мал басқан. Бұл жағдайда колхоздың бұрынғы председателі Естаева жолдас мүлде немкетті қараған.

Астық ысырабына «Сартомар», «Қызыл ту» және «Теңелдік» колхоздарында да мықтап жол берілді. «Сартомар» колхозында 25 гектар егінді комбайнмен жыйнағанда әрбір гектардан 50 килограм астық сабанда кетті. Сонымен, 12,5 центер астық ысырап болды. «Теңелдік» колхозында 6 гектар егінді лобогрейка мен орғанда әрбір гектардан 11 центнер астықтың ысырап болуына жол берілді.

Сондай-ақ «Қызыл ту» колхозының председателі Смағұлов жолдас астық бастыру жұмысын дауырықпалы думанға айналдырды. Астық бастыруда жұмыстың сапалы істелуін қамтамасыз етпеді, астық ысырабына қарсы күрес ашпады. Осының салдарынан тек бір мааның өзінде ғана астық соққанда 4 центнер бидайдың сабанға кеткендігі анықталды. Бірақ, колхоз астығын көріне-көзге ысырапқа ұшыратып, колхоз дәулетін қасақана кемітуші Смағұлов сияқты керенау басшылар жазалаусыз қалып барады.

жұмысын бұрынғыдан да өрістетіп, астық ысырабын 25 жылдық мерекелік халық жаңа тартулар әзірлеуін сөз етеміз—дейді үгітшілер. Т. І

## Қажырлы еңбектің нә:

Сталин атындағы колхоз (пре-Ворожко жолдас), мемлекет алдырінші парыз—астық дайындау жөнінде Полудень аудандарының алдыңғы қатарлы бірінен саналады. Бұл колхозда дайындау жоспары қазірдің өзінде пент орындалды.

Колхоз мүшелері егін жыйн мемлекетке астық тасу жұмыс да қажырлы қайратпен жұмыс отырса, олар қажырлы еңбектері жесіп көріп отыр. Мемлекетке сырылған астықтың 15 проценті еңбек күнге астық бөлінді. Қазі колхозтың әр еңбек күніне 750 астық алды.

«Жаңа тілек» колхозы туралы басшылары ерекше мәселе көтерді. Өйткені астық үшін жауапкер жұлдай болған колхоз председателі, тікелей керенаулықынып, астық ысырабына жапп беріп отыр.

Жуырда бұл колхозда 27 гектадық учаске комбайнмен жыйналып байыншы Хамитов жолдастың іске сөз қарағандығынан жұмыс сапа шар болды, бірсыпыра егіннің бас май қалды. Сонымен бірге, осы алаңынан комбайнның дән тұтқылы түсірілген 12 үйме бидай 1 Әрбір үймені тазалай келгенде, әрқайсысынан 16 килограм таз алынды.

Қылмыстың шегі бұл ғана егін малдың аяғымен трактор доңның астында жапырылып ы ұшырауда. Неге десеңіз, егінді ор алаңның жиегі алдын ала орылы баған. Бұған қоса, бірсыпыра астырынды» күйінде, қызып жатыр.

Бұл көрсетілген мысалдардың Совет ауданында жұмыс қарқын сапа нашар, астық үшін болып күрес жоқ екендігін, егін жыйнада астық ысырабына жол берушілар жазалаусыз қалып бара жағын, тіпті оларға аудан басшыларашылдық жасайтындығын дәл Мұндай жауапсыздық пен салдытық қашан жойылар екен?

Бұған жауапты аудандық партия комитеті мен аудандық совет атқомітеті.

# қыстату маусымына барлық жерде бірдей үлгілі әзірлік жасалсын!

## Мал қыстатуға әзірлікті кезекке қойып отыр

ВКА. (Өз тілшімізден). Преснов аудан. Ауданның мал өсіретіндері мен партияның көп шаруашылығын өркендету және қарарларын мүлтіксіз жүзеге асырып, түліз өсірудің мемлекетіміз аудар бойынша жылғы процент, ірі қара малдан 100 және қой-ешікден 100 проціді. Ауданда жылқы өсіру орындамаған бірде-бір колхоз

д өсірушілердің мал шаруашылығын өңдету жолында аянбай еңбекін нәтижесі. Бұл жөнінде бір-біріне келтірейік. «Красное знамяның» 65 жастағы шошаның астамас тәжірибелі қойшылар-Оның семья мүшелері қой ба-с істейді. Қарт шошаның быйыл өсірді. Бұл таңдаулы мал өсіретіндеріне қосымша ақыға 39 ти.

шошаны Сатыбалдин жолдас та шығысындағы үздік еңбегі үшін ақыға 37 қозы алды. 3-ші шошқа күтушісі Темекенінен 117 торай өсірді. Ол бұл сымша ақыға 12 торай алды.

шаруашылығының мұндай таңдау-сөздері «1 май», «Талын» және «Талын» колхоздарында онда «Тауаған» колхозының жыл-үстафин жолдас 8 биеден 8 құ-шығынсыз өсіргені үшін, еңбе-ші ақыға бір құлын және 2-тық алғалы отыр. Осы сияқ-ті» колхозынан Балуева, «Тал-зынан Төлегенов сияқты таң-өсірушілер де өздерінің қар-егіне лайық сыйлық алуда.

шаруашылығын неғұрлым өркен-қыстату маусымын ойдағдай-Малысты. Сондықтан да қа-

## Мал қыстатуға әзірленуде

данындағы «Путь 12 лет Ок-л шаруашылық артезінің мал Қазақ ССР-нің 25 жылдығы бүкілхалықтық социалистік гап міндеттемелерін орындай

зіргі негізгі міндет—мал қыстатуға әзірлену болып саналады. Егер мал қыстату маусымына әзірлік жұмысы ой-даныдай ұйымдастырылмайтын болса, он-да жоғарыда көрсетілген табыстардың жоққа шығатындығы, мал шаруашылығы-ның қысқы маусымда қиын жағдайға ұшырайтындығы мәлім.

Сондықтан да ауданның азат қолхоз-дары мал шаруашылығын өркендетудегі жауапты кезек—мал қыстату маусымына тыңғылықты түрде әзірленіп жатыр. Ыр-сас жолдас басқарған «Октябрь» колхозында мал азығын дайындау жоспары 113 процент орындалды. Барлық мал азығының 70 проценті қыстау жанына тасылып алынды. 3 мал қорасы қысқа сақдай-сай әзірленді.

Мал қыстату маусымына «Красное зна-мя» (председателі Аманжолов жолдас), «Иламя» (председателі Калугин жолдас) және «Сарман» (председателі Арғынбаев жолдас) колхоздары да барлық жағынан әзір. Қазір бұл колхоздар барлық мал қораларын қысқа әзірлен, мал азығының 40—45 процентін қыстау қасына тасып алды.

Дегенмен ауданның кейбір колхозда-рында мал қыстатуға әзірлік жұмыстары кезекке қойылған көрінеді. «Суаткөл», Сталин атындағы, «Ортақкөл» және Бу-денный атындағы колхоздар мал қыстату-ға мүлде әзір емес отыр. Бұл колхоздарда мал қораларын жөндеу жұмысы қолға алынбаған. Қыстауларға мал азығын та-суға арнаулы жұмысшы және көлік күші бөлінбеген. Колхоз басшылары бұл жұ-мыстарды «егінді жыйнап болған соң қолға аламыз» дейтін сияқты.

Қыс жақын қалды. Мал қыстату мау-сымы ырғалып-жырғалуды көртермейді. Олай болса, мал қыстатуға әзірлікте арт-та қалып отырған колхоз басшылары бұл кемшіліктерді дереу жоюға тиіс.

Бұлар жоспардан тыс сауған сүттерінің кем дегенде 25 процентін қосымша ақыға алады.

Бострома колхозшыларының шақыруы-на іспен жауап беруге жатпай жұмысқа

## ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫ МЕН ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫНДА СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС

### Мереке алдындағы жарыс өрістеді

Н. заводның коллективі Қазақстанның даңқты мерекесін зор табыстармен қарсы алу үшін социалистік жарысты күн са-йым өрістетуде. Осының нәтижесінде за-водтың көпшілік цехтары өткен айдың өн-дірістік жоспарын едәуір артық орында-ды.

Күнделікті тапсырманы орындау жо-лындағы жарыста барлық жұмысшылар аянбай еңбек істеп келеді. Олар сүйікті көсеміміз және Советтер Одағының Генер-алиссимусы Сталин жолдастың халыққа арнаған үндеуіне жігерленіп өнімнің сана-сын бұрынғыдай да жақсартуда.

Малюк жолдас бастық болып Істейтін цехта бригадалармен стахановшылардың өндірістік кеңесі өткізілді. Мұнда рес-публикамыздың даңқты мерекесі атында-ғы социалистік жарыста алған міндетте-мелердің орындалу барысын талқылады. Цех бригадаларының ішінде социалистік жарыста алған міндеттерін орындауда. Колесников жолдастың бригада мүшелері бірінші орынға ие болды. Бұл жарыста Захаров жолдастың бригада мүшелері де жұмысты жақсы істеді. Олар сәуір айының өндірістік тапсырмасын 113 про-цент орындады. Кеңесте цех жұмысшы-лары болған жетістіктерді айтумен бірге, кемшіліктерді де қатты сынға алды. Ко-новалов жолдастың басқаруындағы бри-гада мүшелері өндірістік тапсырманы орындауда үнемі артта қалып келеді. Өт-

кен айдың өндірістік жоспарын небәрі 78 процент ғана орындаған. Бұған негізгі себеп бригада мүшелері арасында еңбек тәртібінің нашарлығынан болған.

Цех коллективі даңқты мерекені ла-йықты табыстармен қарсы алу мақсатын да өндірістік жоспарды толық және ар-тығымен орындау үшін социалистік жарысты бұрынғыдан өрістетіп, күнделік тапсырманы орындауда әрбір бригадалар жұмысқа жаңа қарқын туғызуда міндет-тенді.

Цехтың бас шебері Каргамолова жо-лдас комсомол мүшелерінің жұмысына ерекше көңіл бөледі. Олармен үнемі бір-ге болып, өз тәжірибесімен таныстырды, олардың ысылған маман болып шығуы-на көмектеседі. Бұл жөнінде Зодотилина Коржева сияқты тәжірибелі стаханов-шылар жастарға өндіріс техникасын үнемі үйретіп, олардың өндірістік тап-сырманы толық орындауына көмектес-ті. Мұның нәтижесінде көптеген жастар өз мамандықтарын тез меңгеріп, жұмыс-қа тосалып кетті, күнделік мөлшерді үнемі артығымен орындауға жетісті.

Цех коллективі октябрь айының өн-дірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындап, социалистік жарыста алда болу үшін күресуде.

Н. ПРОЗОРОВ,

Н. заводның партия ұйымының секре-тарі.

## Жұмыс қарқынын күшейтті

Петропавл депосының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері тарп-хп ұлы жеңіске өндірістік жаңа табыстар мен жауап беру үшін социалистік жа-рыста сәуір айының тапсырмасын 120 процент орындауды міндеттеріне ал-ған болатын. Олар бұл міндеттемелі орын-дауда белсене еңбек істеп, сәуір айы-ның өндірістік жоспарын мерзімінен бұ-рын 130 процент орындады.

Бас машинашы Романов жолдас басқар-ған комсомол-жастардың паровозшылар бригадасының мүшелері Отанмыздың күш-қуатын арттыра беру үшін жұмыс қарқынын күшейтіп, сәуір айының өндірістік жоспарын толық орындады да, 13 тонна көмір үнемдеді.

Электр қыздыру цехының жұмысшыла-ры барлық мүмкіншілігі жетіп, паровоз

үш есеге дейін артығымен орындау арқы-лы, алған міндеттемелерін аброймен ақ-тап жүр.

Бұл цехтан Сабитов жолдас бастық бо-лып істейтін цехтың коллективі де қалыс-қан емес. Бұл цех сәуір айының өн-дірістік жоспарын біржарым есе артығы-мен орындады. Стахановшылар Рахма-туллин және Соколов жолдасар күнделік жұмыс мөлшерін екі есе орындап келеді.

Рачковский және Бичугин жолдасар-дың басқаруындағы паровозшылар бри-гадасының мүшелері социалистік жарыс-та бос уақытта бір паровозды жөндеп шығаруды міндеттеріне алып еді. Бұл міндетті олар толық орындады.

Бас машинашы Федалин жолдас жеңіл салмақты поездбен сапар шыққанда поез-дың техникалық шапшаңдығын сағатына

## Сыртқы Істер Министрлері Кеңесінің білдіруі

ЛОНДОН, 27 сәуір. (ТАСС). Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесі бүгін түстен кейін мәжіліс өткізді. Председательдік ету-ші—Бирне мырза.

Кеңес соғыс шығысын төлеттіру тура-

лы мәселе жайында француз өкілдерінің ұсынысын талқылауда болды.

Кеңестің көлесі мәжілісі өртең таң өр-тенгі 11 сағат 30 минутта болады.

## Макартурдың өкілдіктері туралы Ақ Үйдің мәлімдемесі

ВАШИНГТОН, 26 сәуір. (ТАСС). Ақ Үй соғыс және төңіз министрліктері мен мемлекеттік департамент әзірлеп, Пре-зидент Трумэн мақұлдаған мәлімдемелі жариялады. Бұл мәлімдеме 6 сәуірде генерал Макартурға тапсырылды. Мәлім-деме Одақтастардың Жапониядағы жоғар-ғы қолбасшысы генерал Макартурдың өкілдіктері түсіндіріліп айтылған. Мәлім-демеде былай бөлінген:

1. Император мен жапон үкметі мем-лекетті басқарғанда одақтас мемлекеттер-дің жоғарғы қолбасшысы ретінде Сізге бағынышты болады. Өз міндеттеріңізді орындау үшін тиімді деп есептегендіктен Сіз өзіңіздің өкілдіктеріңізді жүзеге асы-ратын боласыз. Сіздің Жапониямен қа-рым-қатынасыңыз шарт негізінде бол-майды, ол сөзсіз тізе бүгу негізінде бо-лады. Сіздің өкмет билігіңіз жоғарғы өкмет билігі болғандықтан, Сіздің өкілдіктері-ңіздің шегі туралы жапондардың мәсе-ле талқылауына Сіз мүлде жол бермейсіз.

2). Жапонияны бақылау ісі жапон үк-метінің қатысуымен мұның өзі қапағат тапарлықтай нәтиже бере алатын дәреже-де жүзеге асырылуға тиіс. Бұл, егер ха-жет болған жағдайда тікелей іс жүргізу жөніндегі Сіздің правосызға нұқсан келті-тірмейді. Сіз өзіңіз хажет деп тапқан ша-раларды, оның ішінде күн жұмсау шара-ларын қолдана отырып, өз бұйрықтары-ңыздың орындалуын қамтамасыз ете ала-сыз.

3). Потсдам декларациясында атап көрсетілген шарттар толық сақталады. Олар бұл документтің нәтижесінде біз өзімізді жапониямен шарт жасая, міндет темелер алысу арқылы байланыс жасап, отырмыз деп есептегендіктен емес, Потс-дам декларациясы Қиыр Шығыста бей-бітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Жапония жөнінде қолданылып отыр-ған саясатымыздың бір бөлегі болып есеп-телетіндіктен сақталады.

## Мұнай мәселесі жөнінде Англия—Америка келісіміне қол қойылды

ЛОНДОН, 24 сәуір. (ТАСС). АҚШ және Англия үкметтері арасындағы мұ-най мәселесі туралы қайта қаралған жа-ңа келісімге бүгін Лондонда қол қойыл-ғандығы Рейтер агенттігі хабар етті.

Бір аптадай уақытқа созылған келіс-сөздер нәтижесінде бұл аса қиын мәсе-ле жөнінде келісім жасалуына қол жетті.

1944 жылғы 8 августа қол қойылған, бі-рақ, быйылғы жылдың бас кезінде Аме-рика сенаты мақұлдамаған ескі шарттың орнына жасалған бұл келісімде мұнай мәселесі жөнінде халықаралық конферен-ция шақыру ескерілген. Бұл конферен-цияда мұнай мәселесі жөніндегі халықара-лық комиссия құрылмақ.

## Сирия мен Ливанда армяндардың жыйыны болды

БЕЙРУТ, 26 сәуір. (ТАСС). 23 сәуірде Бейрутта, Алеппода, Дамаска мен Захлда армиялардың жыйыны болып өтті. Жыйынды армиялардың Сирия мен Ливандағы ұлттық кеңесі ұйымдастыр-ды.

Бейрутте болған жыйында 10 мыңнан аса армян қатысты. Армяндардың Сирия мен Ливандағы ұлттық кеңесінің предсе-дателі Адам Мануэлян өзінің сөзінде бы-лай деді: «біздер, армяндар үшін Түркия

күш жұмсап басып алған армян жерлері-нің қайтарылып берілуін және бұл жер-лердің советтік Арменияға қосылуын та-лап ететін күн туды».

Жыйынның соңында Президент Трумэн мен Бас Министр Эттингер арналып үндеу қабылданды. Үндеуде бөлініп тасталған армян жерлерін Советтік Арменияға қо-су жөнінде Сирия мен Ливанда тұрушы 2300 мың армяндар атынан тілек білді-рілді. Үндеу бірауыздан қабылданды.

## Германның бес кәсіп орнының жабдықтарын бөлшектеу туралы Эйзенхауэрдің бұйрығы

сауыншы Е. Кривень  
арауындағы сыйырлардан  
Кривое жолдас 2924  
Иоренко жолдас 2347  
ардан тыс сауып отыр.

## ҮЛГІЛІ ШОПАН

совхозының № 1 ферма  
Ақанов жолдастың шо-  
бастандығына 8 жыл  
дар ішінде ол қой басын  
мін арттыру жолында аян  
теледі. Сол үшін де ол  
зынан жыл сайын баға-  
ды.

Қазір Ақанов жолдастың отары қыс  
тайтын қой қоралары қысқа мінсіз өзір-  
ленді. Қой қоралары жөнделіп, жабдық  
талды және жылытылды. Мұнымен қатар,  
қыстаулар жанына 4 мың центнер пішен  
тасылып үйілді. Бұл пішен 1100 қойдың  
қыс маусымында азықпен қамтамасыз  
болуына толық жағдай жасайды.

Бүкіз халықтық соңна  
ұштасып, қой өсіруде

тылды және жылытылды. Бір мал қора-  
сын жөндеу жұмысы қолға алынды.

Міне, Х. Моргун жолдас басқарған қол  
хоз малшылары қысқа осылайша өзірле-  
ніп жатыр.

Т. КӘДІРОВ.

рып, күнделік жұмыс мөлшерін екі есе,

## Даңқты мерекені зор табыстармен қарсы алмақ

Республикамыздың 25 жылдық мереке  
сі атындағы социалистік жарысты кеңі-  
нен өрістету үшін темір жол транспорты  
ның алдыңғы қатарлы адамдары өздерінің  
жұмыстағы стахановтық тәжірибелерін  
ауыстыра отырып, даңқты мерекеге тама-  
ша тартулар өзірлеуде.

Петропавл депосының кривосовшы  
машинашысы Ефимов Қазақ ССР-ның  
25 жылдық мерекесі атындағы социалис-  
тік жарысқа қосымша, паровозға үстеме  
су құймастан 900 километр жер жүрді.  
Даңқты мерекеге тарту ретінде, 15 сен-  
тябрьде Ефимов, оның көмекшісі Конова-  
лов жолдастар Есіл-көл станциясынан  
Петропавл станциясына дейін ауырлығы  
9000 тонналық поездды 5 паровозбен өке-  
лу орнына, 2 паровозбен өкелді. Сөйтіп  
ол поезд жүргізудің тамаша шеберлігін  
көрсетіп, 9 тонна көмір үнемдеді.

Басқа машинашылар да кривосовшының

машинашы Ефимов жолдасқа теңелу  
үшін күресуде. Мәселен, Рақымов, Попо-  
ва, Маликов тағы басқа жолдастар сен-  
тябрь айының 17 күнінде ауыр салмақ-  
ты 12 поезд жүргізді.

Жөндеушілер паровозды сапалы және  
тез жөндей бастады. Поляков жолдастың  
бригадасы паровозды 12 сағатта жөндеп  
шығару орнына, 8 сағатта жөндеп берді.

Петропавл станциясының темір жол  
жұмысшылары Агарковтың жұмыс әдісін  
қолданып, жұмысты жаңа әдіспен істеді.  
Осының нәтижесінде темір жол транспор-  
ты қысқы маусымға әзірлікті күшейтуде.  
Темір жол транспортының барлық кәсіп  
орындарында қысқа дайындықтың бары-  
сы тексеріліп жатыр.

Теміржолшылар коллективі даңқты ме-  
рекені зор табыстармен қарсы алу үшін  
күш жұмсауда.

Е. МАЛАЕВ

## Франциядағы сайлаудың қорытындылары

ПАРИЖ, 25 сентябрь. (ТАСС). Франс  
Пресс агенттігі Франциядағы сайлау  
дың мынадай қорытындыларын берді:

«Сайланған 1362 кандидат аса ірі мы-  
на партиялар мен ұйымдардан:  
социалистер-333, коммунистер-102, ра-  
дикал-социалистер-293, тәуелсіз социа-

листер-60, «халықтық-республика қозға-  
лысынан және «тәуелсіз республикашы-  
лар мен радикалдардан»-142, республика-  
лық демократия одағынан»-143, консерва-  
торлар мен оңшыл тәуелсіздер-39, өртүр-  
лі топтардан-134».

## Венгрияның ұлттық жыйылысына сайлау күні тағайындалды

БУДАПЕШТ, 25 сентябрь. (ТАСС). Вен-  
грия Уақытша Үкметінің Министрлер Ке-  
ңесі өзінің шұғыл мәжілісінде Венгрия

ның ұлттық жыйылысына сайлауды бы-  
ғылғы 4 ноябрьге тағайындауға қаулы  
етті.

## Жасырын қоймаларда сақталып келген қыру-жарақтар табылғандығына байланысты Финляндияда адамдарды тұтқынға алу

ЛОНДОН, 22 сентябрь. (ТАСС). Рейтер  
агенттігі Финляндияның Ішкі Істер Ми-  
нистрі Клейноның жасырын қоймаларда  
сақталып келген қыру-жарақтардың та-  
былғандығына байланысты 200 адамның,

оның ішінде жоғары дәрежелі бірнеше  
Фин офицерлерінің тұтқынға алынғанды-  
ғы туралы радио арқылы жасаған мәлім-  
демесін берді.

## Лавальдің ісі туралы зерт жұмыстары аяқталды

ПАРИЖ, 27 сентябрь. (ТАСС). 26 сен-  
тябрьде зерттеу комиссиясының мәжілісін  
де Лавальдің бас адвокаты—Батоньеннің  
хаты оқылды. Ол өзінің бұл хатында  
зерт жұмыстарын тоқтатуға қарсы нара-  
зылық білдіреді. Зерттеу комиссиясы Ла-

вальдің ісін тексеруге берілген мерзім  
аяқталды деп есептейді. Сондықтан сот-  
тың басталатын күнін 4 октябрьге та-  
ғайындау туралы ұйғарымды күшінде  
қалады.

## Квислинг сот үкмі жөнінде шағым берді

ОСЛО, 25 сентябрь. (ТАСС). 22 сен-  
тябрьде Квислингтің өзінің қорғаушысы  
Берг арқылы оны өлім жазасына кескен

соттың қарары жөнінде Жоғарғы сотқа  
шағым түсірді. Жоғарғы сот Квислингтің  
ісін октябрінің бас кезінде қарайды.

## Атышулы гитлершілдерді тұтқынға алу туралы Америка тілшісінің пікірі

НЬЮ-ЙОРК, 21 сентябрь. (ТАСС).  
Нюрнбергде тұтқынға отырған гитлершіл-  
дерден басқа, Америка мен Англияның  
Франкфуртқа таяу жердегі зерттеу бюро-  
ларында тағы да 225 көрнекті гитлершіл-  
дердің тұтқынға отырғандығын Ассошиэ-

тед Пресс агенттігі хабар етті. Ағылшын  
дардың тұтқындығында Тассен, Шахт және  
басқа да өнеркәсіпшілер, қаражатшылар  
мен инженерлер, ал америкадардың тұт-  
қындығында Кессельринг, Мейснер, Кальтен-  
брунер және басқалар бар.

## Ева Браун туралы хабар

НЬЮ-ЙОРК, 23 сентябрь. (ТАСС).  
«НМС Бернштейн» газетінің жақын арада  
Германиядан қайтып келген тілшісі Гит-  
лердің сүйіктісі Ева Браунды әлі тірі деп

есептейді. Ол Ева Браунның қызметшісін  
бұдан екі ай бұрын Мюнхенде көрдім жә-  
не оны тіпті америка офицерлері күзе-  
тіп жүр деп хабарлады.

## Лавальді тергеу

БРАЗЗАВИЛ, 21 сентябрь. (ТАСС). Ви-  
ши үкметінің бұрынғы басшысы Лаваль-  
дан оның германның Гамбургтегі флоты-  
ның қолбасшысы Кауфманмен 1942 жыл-  
ғы ноябрьде жасаған келісім жайында  
жауап алынғандығын Браззавил радиосы  
хабар етті. Бұл келісім бойынша, Ла-

валь Францияның Орта теңізіндегі 650  
мың тонналық сауда флотын түгелдей Гер-  
манияға берген.

Жауапты редактор  
Ө. ОСПАНОВ.

# Танжер

(Анықтама)

устың 10нан 31но дейін  
с төрт мемлекет—ССРО,  
әне Франция сарапшыла-  
мәселесін қараған қол-  
ауыды. Бұл конференция  
ралы жарияланған мәлім  
ұлы мемлекеттердің өкіл-  
ымы Испания өз бетімен  
гі халықаралық тәртіпті  
те» байланысты мәселе-  
ық келісімге келді. Өкіл-  
карардың жобасын өзде-  
ің бекітуіне тапсырды.  
алтар бұғазының африка  
лң оңтүстік-батыс жағын  
індегі қала және порт.  
ймақ» дегенді қосқанда,  
ларшы километр. 1934  
ынаша, бұл аймақта 60  
бар, оның төрттен үші  
де тұрады. Танжер порты  
зы Солтүстік-Батыс Аф-  
и жалғасады. Танжер—  
а елдерге зат шығаратын  
Бірақ, дүние жүзінің  
ың үлкен орталықтары  
жалпынан Танжер порты  
маңызы бар.

ы мен орта теңіздің ұш-  
болуы Танжердің маңы  
күшейте түседі.

Шаруашылық және соғыс жөніндегі  
маңызы мұндай күшті болғандықтан Тан-  
жер ежелден бері әртүрлі елдердің көскі  
лескен қатты күресінің майданы болып  
келді. XVII ғасырдың аяқ шенінен бері ол  
Марокко сұлтанының қарамағында болды.  
XIX ғасырдың аяқ шенінде Танжер мәсе-  
лесі ерекше шиеленісіп, талай халықара-  
лық конференцияларда қаралды. Мәселен,  
1880 жылғы июнь айында Ресей, Ан-  
глия, Франция, АҚШ және Испания ара-  
сында Марокко істері туралы шарт жа-  
салды. 1906 жылғы апрелде Алжесира-  
ста 13 мемлекеттің конференциясы болды.  
Бұл конференцияда Танжердегі тәртіп ту-  
ралы үлкен шарт жасалды. Бұл Танжерде  
халықаралық тәртіп орнатқан және Ма-  
рокко сұлтанының праволарына шек қой-  
ған алғашқы документ болды.

Алжесира конференциясы аяғында Гер-  
мания империализмі алғаш рет Африкаға  
ашықтан-ашық ауыз сала бастады. 1905  
жылғы мартта император Вильгельм II со-  
ғыс кемесімен Танжерге келіп, Германия  
ның бұл аймақтағы праволары туралы  
депіре сөз сөйледі. Онан кейінірек 1911  
жылы Германия үкметі, Германияның Аф-  
рикадағы фермаларының мүдделерін қор-  
ғау сылтауымен Марокконын Агадир пор-  
тына «Пантера» канонер қайығын жібер-  
ді. Тарихта «Пантераның қарғуы» деп

аталған Агадир оқығасы Еуропада со-  
ғыс шығуына себеп бола жаздады. Мұ-  
ның нәтижесінде Германия империалисте-  
рі Марокконың Франция қарамағында бо-  
луын тануы есесіне Орталық Африкадағы  
Франциялық Конгоның бір бөлегін алды,  
бірақ Танжерді басып алу ниетінен лаж-  
сыз уақытша безді.

1906 жылы белгіленген тәртіп дүние  
жүзілік бірінші соғысқа дейін қолданы-  
лып келді. Бұл соғыс кезінде Франция  
Танжерді іс жүзінде тек өзі билеуге пра-  
во алды. Мұнан хауіптенген Испания мен  
Англия Танжердегі халықаралық тәртіпті  
қайта орнату мақсатымен жаңа конфе-  
ренция шақыруды талап етті. Бұл конфе-  
ренция 1923 жылғы декабрьде Парижде өт-  
кізілді. Бірақ, оған тек үш мемлекеттің  
—Англияның, Францияның, Испанияның  
өкілдері ғана қатысты. Бұл конференция-  
да жасалған шарт бойынша, Танжер же-  
не оған іргелес жерлер Марокко сұлтаны-  
ның қарамағында болатын битарап халық-  
аралық аймақ деп жарияланды. Бұл ай-  
мақты басқару халықаралық заң жыйы-  
лысына жүктелген. Оған Франция, Ан-  
глия, Испания, Италия, Бельгия, Голлан-  
дия және Португалия өкілдері қатысқан.  
Танжер туралы оған бұрынғы халықара-  
лық келісімдердің бәріне қатысып келген  
және мемлекет мүддесі жағынан бұған  
байланысты болған Советтер Одағы ол кез-  
де мәселені қарауға шақырылмады.

Гитлердің итаршысы Франко 1940  
жылғы июльде Танжердің «битарантығын  
қорғау» сылтауымен оны басып алды.  
кейінірек 1942 жылғы декабрьде, Гитлер

Германиясының жолы болып тұрған кез-  
де, Испания Танжерді өзіне қосып ала-  
тынын жариялады. Сөйтіп, бұл маңызды  
аймақтағы халықаралық тәртіп толық  
жойылды. Бұл аймақ Гитлер Германия-  
сының қызметін атқарды.

Герман фашизмі талқандалғаннан кейін  
Англия мен Франция үкметтері 3 июль-  
де Парижде АҚШ үкметімен бірге Тан-  
жер туралы мәслихат өткізбек болды. Бі-  
рақ, бұл мәслихатқа Советтер Одағы ша-  
қырылмады. Мұның өзі көріне өділетсіздік  
болды. Тек тиісті таланттар қойылғаннан  
кейін ғана мәслихат кейінге қалдыры-  
лып, оған Советтер Одағы да шақырыла-  
ды. Совет өкілдері Танжер мәселесін қа-  
раған сарапшылардың Париждағы конфе-  
ренциясына қатысты.

Бұл конференцияда қабылданған қарар  
бойынша, Франко үкметі Танжер айма-  
ғындағы әскерлерін және полициясын  
өкетуге міндетті. 1923 жылғы шарт бо-  
йынша бұл аймақта халықаралық тәртіп  
қайта орнатылуға тиіс. Советтер Одағы  
мен АҚШ аймақты басқаруға қатысты-  
рылады. Танжер қайтадан Марокко сұл-  
танының қарамағында болады.

Бұл тәртіп уақытша, жарты жылдан  
кейін ұлы мемлекеттердің өкілдері бас ко-  
сып, өзгерген жағдайға лайықты жаңа  
тәртіп белгілейді.

Танжер туралы мәселенің жайғастыры-  
луы соғыстан кейінгі тәртіп мәселелерін  
шешу жөнінде одақтас ұлы мемлекеттер-  
дің бір ауызды болып отырғанын тағы  
да ыспаттайды.

А. ПРИНЛОНСКИЙ.